Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі
**«Құрманғазы атындағы
Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ**

**РГУ «Казахская
национальная
консерватория имени
Курмангазы»**
Министерства культуры и
информации Республики
Казахстан

ЕРЕЖЕСІ

ПОЛОЖЕНИЕ

2023 ж. 24 қазан

күні

№ ПЛК-06-23

Алматы қ.

г. Алматы

Бекітемін
«Құрманғазы атындағы
Қазақ ұлттық консерваториясы»
республикалық мемлекеттік
мекемесі
ректордың м.у.а
_____ Г. Әбдірахман
«24» қазан 2023 год

«ШАМШЫРАҚ» ӘДЕБИ КЛУБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Әзірлеген:			
Ғылыми-ақпараттық кітапхана қызметінің басшысы		Г. Байгонусова	24.X.2023
Келісілді:			
Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор		Ғ. Бегембетова	24.X.2023
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор		М. Ешмұханов	24.X.2023
Сапа менеджменті секторының басшысы		Д. Уразымбетов	24.X.2023
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бас әкімші		О. Омарұлы	24.X.2023
Лауазымы	**Қолы**	**ТАӘ**	**Күні**

Мазмұны

1. Жалпы ережелер 3
2. Нормативтік сілтемелер 3
3. Клуб қызметінің мақсаттары мен міндеттері 3
4. Клубтың негізгі бағыттары 4
5. Клуб қызметінің жоспары 4
6. Клубқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттері 4
7. Өзгерістер енгізу тәртібі 5
8. Қорытынды ережелер 5
Қосымша 1 Клубтың жұмыс жоспары 6
Өзгерістерді тіркеу парағы 7
Танысу парағы 8

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы (бұдан әрі – Консерватория) «Шамшырақ» әдеби клубы (бұдан әрі – Клуб) қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды.
2. Клуб – бұл бірлескен әдеби, шығармашылық мүдделер негізінде қарым-қатынас жасау мақсатында Консерваторияның профессорлық-оқытушылық құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) және білім алушылардың ерікті бірлестігі.
3. Клуб ғылыми-ақпараттық кітапхана қызметі басшысының қызметтік жазбасы және ректор бұйрығы негізінде құрылады, өз қызметінде ғылыми-шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректорға есеп береді.
4. Клуб Консерваторияның басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасай алады.
5. Клубтың барлық қатысушылары клуб ішіндегі жұмыс істеудің тең құқылы мүшелері болып табылады.
6. Клубтағы іс-шаралар белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

7. Осы Ереже мынадай құжаттарда баяндалған талаптар мен қағидаттарды ескере отырып әзірленді:
   1) тұтастай алғанда Консерваторияның қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттармен;
   2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің және басқа да жоғары тұрған ұйымдардың нормативтік, ұйымдастырушылық және өкімдік құжаттарымен;
   3) Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілерімен;
   4) Ғылыми-ақпараттық кітапхана қызметінің Ережесімен.

3. КЛУБ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8. Әдеби клубтың басты мақсаты оқуға қызығушылықты арттыруға, қазақ және шетел әдебиеттерін дәріптеуге бағытталған ПОҚ және білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың мәдени-демалыс қызметін ұйымдастыру болып табылады.
9. Клубтың міндеттері:
   1) Клуб мүшелерінің әдеби және көркемдік талғамын дамыту үшін түрлі форматтағы іс-шараларды ұйымдастыру, оларды оқырмандық және шығармашылық қызметке тарту;
   2) Клуб мүшелерінің кітап пен оқуды ілгерілетуге, оқуға қызығушылықты қалыптастыруға бағытталған мәдени-демалыс қызметін ұйымдастыру;
   3) білім алушыларды Клубтың шығармашылық, мәдени-ағарту және білім беру іс-шараларына қатысуға тарту бойынша жұмыс;

4) білім алушылардың ой-өрісін, шығармашылық және танымдық белсенділігін кеңейту, оларды ұлттық және әлемдік әдебиетінің құндылықтарына баулу;
5) пікірталас және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту.

4. КЛУБТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

10. Клуб қызметінің негізгі бағыттары:
1) әдеби және шығармашылық іс-шаралар үшін жағдайлар жасау;
2) тақырыптық кештерді, поэзия сағаттарын, диспуттарды, дөңгелек үстелдерді, шығармашылық адамдармен кездесулерді ұйымдастыру және жүзеге асыру.

5. КЛУБ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

11. Клубтың қызметіне жалпы басшылықты және бақылауды ғылыми-ақпараттық кітапхана қызметінің басшысы жүзеге асырады.
12. Клубтың ағымдағы қызметіне басшылықты оқырмандарға қызмет көрсету, қорларды жинақтау және сақтау бөлімінің аға кітапханашысы жүзеге асырады, ол:
1) Клуб қызметін жоспарлайды;
2) Клуб қызметіне қатысты мәселелер бойынша Консерваторияның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;
3) Клубтың белгіленген нысан бойынша оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау (1-қосымшаны қараңыз). Оны ғылыми-ақпараттық кітапхана қызметінің басшысымен келісу және ғылыми-шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың бекітуін;
4) есептерді жасау;
5) Клуб өз кездесулерін тоқсанына бір рет өткізеді.
13. Клубтың іс-шарасын өткізу үшін негізгі орын – оқу залы («А» корпусы, 2 қабат, 200 кабинет), А. Жұбанов атындағы кіші зал, сондай-ақ Консерваторияның басқа да аудиториялары.

6. КЛУБҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

14. Клубқа қатысушылар:
1) оның жұмысына белсенді қатысуға;
2) ұсыныстар енгізуге, Клуб жұмысын жоспарлауға қатысуға;
3) Клубтың қызметі туралы ақпарат алуға құқылы.
15. Клубқа қатысушылар:
1) Клуб қызметіне белсенді қатысуға және Клуб шеңберінде өткізілетін бұқаралық іс-шараларға үнемі қатысуға;
2) Клуб өткізетін іс-шараларды ұйымдастыруға барынша көмек көрсетуге, Клубтың беделін арттыруға ықпал етуге;
3) шығармашылық іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесуге міндетті.

16. Клуб басшысы:
    1) Жұмыс жоспарын әзірлеуге;
    2) әдеби іс-шараларды өткізу үшін жағдайлар жасауға;
    3) атқарылған жұмыс туралы есеп беруге;
    4) Клуб портфолиосын (аудио, бейне) құруға және Консерваторияның әлеуметтік желілерінде ақпарат жариялауға міндетті.

7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

17. Осы Ережені өзгерту жөніндегі ұсыныстар Ғылыми кеңестің отырысында талқыланады және қабылданады немесе көпшілік дауыспен жойылады (отырысқа қатысып отырған ҒК мүшелері санының кемінде 2/3 дауысы).
18. Ережеге өзгерістер енгізу ғылыми-шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректормен келісілген ғылыми-ақпараттық кітапхана қызметі басшысының қызметтік хаты негізінде Консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша ғана жүргізіледі.
19. Ережеге өзгерістер енгізу «Өзгерістерді тіркеу парағында» міндетті түрде белгісі бар СМС талаптарына сәйкес жүргізіледі.
20. Ереженің түпнұсқасы құжаттармен қамтамасыз ету бөлімінде сақталады, ал оның сканерленген көшірмесі Консерваторияның ресми сайтында және ғылыми-ақпараттық кітапхана қызметінің электрондық кітапханасының J-IRBIS 2.0 бетінде ілінеді.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

21. Осы Ереже Ғылыми кеңесте Консерватория ректоры бекіткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.
22. Осы Ереже Консерваторияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Консерватория басшылығының жазбаша рұқсатынсыз осы құжаттың толық немесе бір бөлігін көшіруге, көбейтуге және беруге жол берілмейді.
23. Осы құжаттың электрондық нұсқасы сыртқы тараптарға немесе бақылаушы органдарға көшіруден қорғалған түрде ғана ұсынылуы мүмкін.

Қосымша 1

БЕКІТЕМІН
Ғылыми шығармашылық
және Халықаралық
ынтымақтастық
жұмыстар жөніндегі
проректор
_____Ғ. Бегембетова

Клуб жұмысының жоспары

№	Іс-шаралар тізбесі	Орындалу мерзімі	Орындалуына жауаптылар
1	2	3	4

Аға кітапханашы

_____/_____ «_____»_____20___ж.
(қолы) Т. А. Ә.

КЕЛІСІЛДІ:
ҒАКҚ бөлімінің
басшысы: _____/_____ «_____»_____20___ж.
(қолы) Т. А. Ә.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркелген күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ р/с	Құжатпен танысқан тұлғаның Т.А.Ә	Лауазымы	Қолы	Күні
1	2	3	4	5